

**«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ  
АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ СОТЫНДА**

**2025 жылғы 28 қаңтар**

**№ AIFC-C/CA/2024/0046 ic**

**«INTERNATIONAL ACADEMY OF MEDICINE AND SCIENCES  
(Интернэшнл Академи оф Медицин энд Сайенсис)»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

**Талап қоюшы/Жауапкер**

**қарсы**

**«АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫ» мемлекеттік мекеме**

**Жауапкер/Апеллянт**

---

**ШЕШІМ**

---

**Сот Судьясы:**

**Судья Сэр Стивен Ричардс**

**БҰЙРЫҚ**

**Жауапкердің/Апеллянттың апелляция беруге рұқсат алу туралы өтініші қанағаттандырусыз қалдырылды (қабылданбады).**

## ШЕШІМ

1. Бұл – АХҚО Сотының бірінші сатыдағы соты («БСС») 2024 жылғы 12 қарашадағы шешіміне қатысты апелляция беру рұқсатын алу туралы өтініш. Аталған іс Талап қоюшы – «International Academy of Medicine And Sciences (Интернэшнл Академи оф Медицин энд Сайенсис)» ЖШС мен Жауапкер – «Алматы облысы Денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі арасындағы мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты шеңберінде басқарушылық сыйақыны өндіріп алу туралы талапқа қатысты. Сот судьясы талапты Талап қоюшының пайдасына қанағаттандырған. Жауапкер апелляция беру рұқсатын алу туралы өтініш берген, оған Талап қоюшы жазбаша қарсылық білдірген. Мен бұл өтінішті АХҚО Сотының Ережесінің 29.16 және 29.17-тармақтарына сәйкес ауызша тыңдаусыз, тек құжаттар негізінде қарауға болады деп санаймын.
2. Істің мән-жайларын түсіну үшін бірінші сатыдағы соттың шешіміне жүгіну қажет. Негізгі мәселе – Талап қоюшының 2023 жылғы 31 шілдеде ауруханаға инспекция жүргізу мақсатында кіруге рұқсат беруден бас тартуының құқықтылығы болды, атап айтқанда, МЖӘ Шартының 114(2)-тармағына сәйкес (онда Жауапкерге «жеке әріптестің қаржылық және экономикалық қызметін тексеру құқығы, бірақ жылына бір реттен жиі емес, аудиторлық ұйымды тарту мүмкіндігімен» берілген). Кіруден бас тартуды Жауапкер шартты бұзу ретінде бағалап, басқарушылық сыйақыны төлеуді тоқтатуға негіз деп санаған. Судья Жауапкердің әрекеті 114(2)-тармақ шегінен шығатын кеңейтілген тексеруге бағытталған деп тапты, сондықтан Талап қоюшының кіруге рұқсат бермеуге құқығы болған, ал Жауапкер басқарушылық сыйақыны төлеуді тоқтату арқылы қателескен.
3. АХҚО Сотының Ережесінің 29.6-тармағына сәйкес, апелляция беруге рұқсат егер: (i) апелляцияның нақты табысқа жету ықтималдығы болса немесе (ii) апелляцияны қарауға өзге де маңызды себептер болса, берілуі мүмкін. 29.7-тармаққа сәйкес, апелляцияның табысы төменгі сот шешімінің (i) қате немесе (ii) елеулі процессуалдық бұзушылықтар салдарынан әділетсіз болғанын дәлелдеуге байланысты.
4. Апеллянттың өтініші сот судьясын бейтараптықтың жоқтығы, алдын ала пікір қалыптастыру, объективті еместік және т.б. негізсіз айыптаулармен сипаттайды. Бұл айыптаулар толық негізсіз. Іс материалдарында бұған дәлел жоқ. Талдау көрсеткендей, бұл тек судьяның қорытындыларымен келіспеудің эмоционалды көрінісі ғана. Мұндай тіл мен тұжырымдарды қолдану өкінішті, себебі ол істің мәнінен назарды аудартады.
5. Апелляцияның Апелляцияның (i) негізі «судья мемлекеттік әріптесте жеке әріптестің келісім талаптарына сәйкестігін тексеру құқығы жоқ деген қорытындыға қате әрі бірізді емес түрде келді, оның құқықтарын тек қол жеткізумен шектеді, бұл заңға және шарт талаптарына қайшы келеді» деген уәжге негізделеді. Алайда бұл судьяның қорытындысын бұрмалайды: судья 114(2)-тармаққа сәйкес тексеру құқығын 114(4)-тармақта көзделген қол жеткізу құқығынан бөлек деп таныды, бірақ даулы тексеру әрекеті 114(2)-тармақ талаптарына сәйкес келмейді, яғни Талап қоюшының «қаржылық және экономикалық қызметін» тексеру шегінен шыққан деп шешті. Сонымен қатар, (i) негізін қолдайтын көптеген дәлелдер анық негізсіз болып табылады. Олардың қатарында судьяның «егер аурухана мемлекеттік болса» деген ұстанымына сілтеме жасауға негізделген сын (апеллянттың өтінішінің 8-12-тармақтары), Алматы облысы прокуратурасының хаты (14-15-тармақтар), Алматы қалалық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының қаулысы (17-тармақ), сондай-ақ Д.Б. Женсипаевтың куә ретінде шақырылмағаны туралы уәждер (29-37-тармақтар) бар. Талап қоюшының жазбаша түсіндірмелерінің 8-19-тармақтары бұл

уәждерді сенімді түрде жоққа шығарады.

6. Апелляция негізі (ii) «Судья жеке әріптестің мемлекеттік әріптеске шартта және заңда мұндай құқық көзделмегеніне қарамастан, қолжетімділікті (кіруді) шектеу құқығы бар деп шешім шығарған, әрі бұл тұжырымға тиісті құқықтық негіз келтірмеген» деген уәжге негізделген. Бұл негіз судьяның қорытындысын бұрмалап көрсетеді. Бұдан бөлек, осы негізді қолдау үшін апелляцияның өтінішінің 45-51-тармақтарында («Шешім Жауапкердің құқықтарына қатысты қайшылықты қорытындылар қамтиды» бөлімінде) келтірілген түсіндірмелер бұл негізге айқын қолдау көрсетпейді және шешімге нақты сын айтпайды. Атап айтқанда, судья мемлекеттік органдардың ресми функцияларды орындау кезіндегі қолжетімділігі мен Жауапкердің шарт бойынша тексеру жүргізу құқығы арасындағы айырмашылықты анық түсініп, дұрыс қолданған.
7. (iii) негізі «Судья шарттық қатынастарды түбегейлі дұрыс түсінбегендіктен, басқарушылық сыйақыны төлеуді тоқтата тұру мүмкіндігін қарастырмаған, бірақ мұндай тоқтату заңсыз деп танылған» деген уәжге негізделген. Осы негізді қолдайтын 52-78-тармақтардағы түсіндірмелердің мәні – Талап қоюшы шартты бұзды деген болжамға сүйенеді. Алайда егер судья анықтағандай Талап қоюшы шартты бұзбаған болса, онда бұл тармақтардағы дәлелдердің ешқайсысы Жауапкердің басқарушылық сыйақыны төлеуден бас тартуы қате деген қорытындыны теріске шығара алмайды. Бұған қоса, бұл тармақтардың едәуір бөлігі тек судьяның тараптардың ұстанымдарын баяндауына қатысты.
8. (iv) негізі «Судья фактілерді бұрмалап, жеке әріптестің пайдасына негізсіз бағалау жасаған» деген уәжге қатысты. Бұл негізді түсіндірудің басым бөлігі шешімнің тараптардың ұстанымдарын және дәлелдерін баяндаған бөліктеріне қатысты. Бұл материал судьяның пайымдауларында қандай да бір кемшілік бар екенін дәлелдемейді. Апелляцияның 94-тармағында профессор Исмаиловқа қатысты 49-тармаққа сілтеме жасалып, оның сенімді куә ретінде бағаланғаны көрсетіледі. Куәларды бағалау судьяның құзыретіне жатады және ол куәгерді тыңдай отырып, оның айғақтарын оң бағалауға толық негізге ие болды. Жауапкердің мұны «дәлелдемелерді эмоционалды бағалау» деп сипаттауы және бейтараптыққа күмән келтіруі негізсіз. Бұл бөлімнің соңғы тармағындағы (95-тармақ) судьяның Жауапкер дәлелдерін елемегені немесе фактілерді бұрмалағаны туралы расталмаған тұжырымға мән беруге болмайды.
9. (v) негізі «Судья әділ сот талқылауын қамтамасыз ету бойынша негізгі міндетін бұзып, тараптарға тең жағдай жасамады» деген уәжге саяды. Бұл тұжырымда мәнді негіз жоқ. Шешімнің өзінен де, Талап қоюшының жазбаша ұстанымдарынан да судья екі тарапқа да өз уәждерін толық ұсынуға тең мүмкіндік бергені және ұсынылған дәлелдер мен аргументтерді объективті түрде қарастырғаны анық көрінеді.
10. (vi) негізі «Судья Қазақстан Республикасының конституциялық нормаларын бұзып, мемлекеттің қауіпсіз, тиімді және сапалы медициналық көмекке тең қолжетімділікті қамтамасыз ету міндетіне кедергі келтірді» деген уәжге негізделген. Апелляцияның 96-99-тармақтарында келтірілген түсіндірмелер бұл уәжді асыра сипаттайды: олар судьяның шартты қате түсіндіруі денсаулық сақтау құқығын бұзады, пациенттердің өміріне қауіп төндіреді деген тұжырымдарға сүйенеді. Бұл аргументтер гипотетикалық сипатта және даудың негізгі мәселесі – шартты дұрыс түсіндіру бойынша нақты құқықтық талдау бермейді.
11. Мен апелляцияның өтінішінен, көптеген сын-ескертпелерге қарамастан, судьяның шешімі қате болғанын көрсетуге жеткілікті негіз бар ма екенін қарастырдым. Судьяның өзі шарттық мемлекеттік әріптестің ауруханаға қол жеткізу құқықтарына қатысты толық айқын еместігін атап өткен (45-тармақ). Дегенмен, судья даудың мәнін және 114(2)-тармақ шеңберіндегі инспекцияның шегін анықтауға ең қолайлы жағдайда болды. Менің ойымша, оның осы мәселеге қатысты шешімі қате болғанын немесе іс жүргізуде елеулі процессуалдық бұзушылықтар



болғанын дәлелдейтін нақты перспектива жоқ. Сондай-ақ апелляцияны қарауға өзге де маңызды негіздер жоқ. Осылайша, апелляцияға рұқсат беру шарттары орындалмаған, сондықтан өтініш қанағаттандырылмауы тиіс.

Сот қабылдады,

Мәртебелі сэр Стивен Ричардс  
Судья, АХҚО Соты

**Өкілдік:**

Талап қоюшы/Жауапкерді Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Legit Advocates заң фирмасының адвокаттары Сергей Ватаев, Илья Кириченко және Елена Дворецкая-Юсупова өкілдік етті.

Жауапкер/Апеллянтты Алматы облысы «Денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары Валерий Лим өкілдік етті.